

03.05.2018.

«Туы мәңгі желбіресін жеңістің!»

Еліміз, міне, Жеңісті жетпіс үшінші рет тойлағалы отыр. Бұл Жеңістің халық үшін құны өлшеусіз, сондықтан ардагерлеріміздің жанкешті ерлігі кейінгі ұрпақтың жүрегінде мәңгі сақталмақ.

Жастарды отансүйгіштікке, алдыңғы ұрпақты қадірлеу және ардақтау, жеңісті көре алмаған майдангерлерді ұмытпау, тыл еңбеккерлерін бағалау мақсатында Арқалық қаласындағы №2 облыстық ғылыми кітапхананың өнер бөлімінде «Туы мәңгі желбіресін жеңістің!» тақырыбында тарихи керуен өткізілді. Іс-шарамыз «Ұлы Отан соғыс» атты деректі фильммен басталды, одан әрі осы сұрапыл соғыстың басталуы, себептері, тарихы айтылды. Екінші дүниежүзілік соғыстың кезеңдеріне жеке-жеке тоқталдық. Даламыздың сарбаздары қолына қару алып, Москва түбінде, Сталинград, Курская дуга шайқастарында жаумен арпалысып, Украина, Беларусь, Прибалтика, Шығыс Еуропаны азат етуге қатысқан. От пен оқтың ортасында жүрген, есімдері тарихта қалған қазақ, қазақстандық жауынгерлер сөз болды. Қасіретті Ленинград блокадасы, Белорусияның «Хатынь» деревнясы, Брест қамалы туралы жан түршіктіретін әңгімелер айтылды.

Қазақстандық батырлар: Бауыржан Момышұлы, Талғат Бигельдинов, Қасым Қайсенов, Иван Павлов, Сергей Луганский, Леонид Беда, Константин Семенченко, Рақымжан Қошқарбаев, Иван Панфилов, Мәншүк Маметова, Әлия Молдағұлова, Мәлік Ғабдуллин, Хиуаз Доспановалардың ерліктері дараланып айтылды. Одан осы кісілерге арналған «Қазақстандық батырлар» атты ролик көріп, Бауыржан Момышұлының жастарға айтқан тәрбиелік мәні бар сөздерін естідік.

Осы тарихи күнге орай, кітап көрмесі әзірленді. Көрмеге бөлімдегі фотоальбом, көркем фотографиялық әдебиеттер, ән жинақтары, өлкеміздің батырларына арналған кітаптар қойылды.

Іс-шарамызды, барша осы соғысқа қатысып, елге оралмаған, есімдері белгісіз жауынгерлерді бір минут үнсіздікпен еске алдық.



